

## **Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының және жарма ұнтағының бағасы туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 16 қыркүйек 1992 ж. N 767. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

1992 жылғы егіннің астығының бағасы өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылғы 21-қыркүйектен бастап мемлекеттік ресурстардан бөлінген астықтан өндірілетін нан және нан-тоқаш өнімдерін, пісірілген нанның орнына халыққа сатылатын ұнның барлық сорттарын, тары мен жарма ұнтағын халыққа сату Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бағаны ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 3-қаңтардағы N 3 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 1, 1-бап) және "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3-қаңтардағы N 3 және N 4 қаулыларын ішінара өзгерту туралы" 1992 жылғы 12-қаңтардағы N 25 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 1, 21-бап) бекітілген қолданылып жүрген бағаларға орташа өсірілетін 5 коэффициентін қолданумен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бағаны ырықтандыруға байланысты өнімдер мен товарларға қайта бағалау жүргізу туралы" 1992 жылғы 3-қаңтардағы N 4 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 1, 21-бап) белгіленген тәртіппен осы қаулыда өнімдердің қалғандарын 1992 жылғы 21-қыркүйектегі жағдайы бойынша түгендеп, оларға қайта бағалау жүргізісін.

2. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы жанындағы Баға комитеті 1992 жылғы 21-қыркүйекке дейін республика бойынша нанға, нан-тоқаш өнімдеріне, пісірілген нанның орнына халыққа сатылатын ұнның барлық сорттарына, тары мен жарма ұнтағына мемлекеттік реттелетін бірыңғай бөлшек-сауда бағаларын бекітсін.

3. Нан, нан-тоқаш өнімдерін, пісірілген нанның орнына халыққа сатылатын ұнның барлық сорттарын, тары мен жарма ұнтағын өндіру мен мемлекеттік реттеу бағалары бойынша сатуды жүзеге асыратын кәсіпорындардың шығынын өтеу бюджеттік қаржылар есебінен, сондай-ақ Қазақстаннан тысқары жерлерге астық сатудан түскен қосымша табыс есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Қазақ мемлекеттік-акционерлік "Қазастықөнімі" концерні, Қазақстан

Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазтұтынуодағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкінің келісуі бойынша екі апта мерзім ішінде аталған қаржыны нан және нан-тоқаш өнімдері мен сатудан келетін шығынды өтеуге бағыттау тәртібін, сондай-ақ Қазақстаннан тысқары жерлерге астық сатудан табыс алынғанға дейін шығынды өтеу үшін уақытша жетпейтін қаржыны несиеге беру тәртібін белгілесін.

4. "Қазастықөнімі" концерні республикадан тысқары жерлерге мемлекеттік ресурстардан астық жөнелтуді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетімен келісілген көлем мен баға бойынша жүзеге асыратын болып белгіленсін.

5. <\*>

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚРМК-ның 1993.06.30. N 558 қаулысымен. P930558\_

6. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы жанындағы Баға комитеті мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сауда министрлігімен және Қазтұтынуодағымен келісуі бойынша мемлекеттік реттеу бағалары бойынша сатылатын нанға және нан-тоқаш өнімдеріне, ұнға, тары мен жарма ұнтағына сауда шегерімінің мөлшерін белгілесін.

7. Валютаға сатып алынған астық үшін колхоздармен, совхоздармен және басқа да товар өндірушілермен есеп айырысу оларға қызмет көрсететін коммерциялық банктерінің валюталық шоттары арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі